«М. Бегенов атындағы жалпы білім беретін» КММ-сі педагог-кәсіби бағдар берушінің
2022-2023 оқу жылындағы қорытынды есебі

**Мақсаты:**

- Мектеп оқушыларының қызығушылықтары мен еңбек нарығындағы сұраныстар негізінде кәсіби бағдар беру жұмысының тиімді жүйесін құру;
- Оқу бейінін және болашақ кәсіби қызмет саласын таңдау процесінде оқушыларға кәсіби бағдарлы қолдау көрсету**.**
- Оқушылардың еңбекке саналы көзқарасын қалыптастыру, өз мүмкіндіктеріне, қабілеттеріне сәйкес және еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, қызмет саласын таңдау еркіндігі жағдайында кәсіби өзін-өзі анықтау.
- Қоғамда сұранысқа ие мамандықтарды насихаттау.

**Міндеттері:**

- Жұмыс мақсатында көрсетілген оқушыларға кәсіби бағдар беру жұмысын ұйымдастырудағы жұмыстарды түрлі іс-шаралар жүргізу арқылы нәтижелілікке қол жеткізу.
-

«Мекпеп оқушыларына кәсіби бағдар беру жұмысын жоспарлау»

Оқушылардың кәсібін саналы түрде таңдауға бағытталған қызметті жүзеге асыру. Білім алушыларға, оқушылардың ата-аналарына мамандық таңдау бойынша шешім қабылдауға көмек көрсету.

*Тренинг тақырыбы:* «Бейіміне қарай мамандық таңдау» психологиялық кеңес.

Мақсаты: Жеке тұлғаның кәсіптік мамандықтарға деген ынта-ықыластарын анықтау кәсіптік білім берудің құрылымымен таныстыру.

*Сабақ түрі:* пікірлесу сабағы.

Ұстаздар күніне орай «Мен ұстазымды мақтан етемін!» тақырыбында ашықхаттар әзірленді. Оқушылардың социотипін анықтау, өмірлік бағытын таңдауға көмектесу тақырыбында Д. Голланд әдісі бойыша «Тұлғаның типтерін анықтау» тесті.

*Мақсаты*: Бейімділігі мен кәсіби қызығушылықтарына жауап алуға мүмкіндік береді.

*Жүргізу барысы:* Әртүрлі мамандық жұптары берілген. Әрбір жұптан өзіне ұнамды, істей аламын деген мамандықты тауып алуға тырысу. Жүргізілген әдіс жауап парағында қабылданды. Оқушыларды тест нәтижесімен таныстырдым және нәтижесі ақпарлама түрінде толтырылды.

«Әкем –анам жұмыста» ата-аналарының мамандықтары туралы бейнежазбалар әзірленді. Ата-аналармен жұмыс. Сынып жетекшілердің оқу тоқсаны қорытындысы жиналысында кәсіптік бағдар бойынша 9-11 сынып оқушылары ата-аналарына таңдалған мамандықтар бойынша кәсіптік оқыту мүмкіндіктері туралы мәлімет берілді.

Оқушылармен әңгімелесу:

-өңірлік еңбек нарығындағы жағдай;

-өңірлік нарықта талап етілетін мамандықтар бойынша ақы төлеу деңгейі ;

-таңдалған мамандықтар бойынша кәсіптік оқыту мүмкіндіктері;

-таңдаған мамандығы бойынша жұмысқа орналасу мүмкіндіктері және т.б

Оқушыларға кәсіби бағдар беруде болашақ мамандығы мен болашақ кәсіби мансабын жоспарлауға көмектесу мақсатында жоғары сынып оқушыларының мамандық таңдауға арналған сауалнамасы алынды.

*Мақсаты*: Оқушының мамандық таңдауда немесе жалпы әлеуметтік көзқарасын байқау.

Кәсіби консультация: 9-11 сыныптарда кәсіптік өзін-өзі анықтау саласын түзету мақсатында А.Е. Голомштоктың әдісі бойынша «Профильдік қызығушылығын анықтау картасы» сауалнамасы алынды.

*Мақсаты*: тұлғаның қызығушылығын, қабілетін айқындау.

9 сынып оқушыларының кәсіби бағыттылығын диагностикалау нәтижелері бойынша сауалнама нәтижесі

«М. Бегенов атындағы жалпы білім беретін мектеп » КММ-сі 9 - сынып оқушыларынан кәсіби бағыттылығын диагностикалау нәтижесі бойынша сауалнама алынды. 9 сыныпта 21 оқушыдан сауалнама алынды. Сауалнама нәтижелері төмендегіше:

Келесі сыныпты жалғастыратын оқушы саны- 13

Колледжге кететін оқушы саны –8

Лицейге кететін оқушы саны -0

Оқушылардың басым көпшілігі таңдау мамандықтарына «белгісіз» деген жауапты белгілеген.

| Р\с | Оқушылардың аты жөні | 9 сыныптан кейінгі жоспары | Мамандығы |
|---|---|---|---|
| 1 | Аманбаева Ақмаржан Махмудқызы | Колледж | Белгісіз |
| 2 | Алғабасова Дильназ Ерболатқызы | 10 сынып | |
| 3 | Аманкелді Орынай Азғынқызы | 10 сынып | |
| 4 | Әдебиетов Нұртас Жаңбырбайұлы | Колледж | Белгісіз |
| 5 | Беген Азамат Дүйсенұлы | Колледж | Белгісіз |
| 6 | Ғалым Сабрина Ержанқызы | 10 сынып | |
| 7 | Қадір Бағдаулет Мұхтарұлы | Колледж | Белгісіз |
| 8 | Көбегенова Ақторғын Бейбітқызы | 10 сынып | |
| 9 | Култаев Серік Амантаевич | 10 сынып | |
| 10 | Қарағұлов Нұрсерік Оңдасынұлы | 10 сынып | |
| 11 | Қуаныш Ақбаян Нұрбекқызы | 10 сынып | |
| 12 | Құлтаев Ернар Амантайұлы | 10 сынып | |
| 13 | Мекебай Ақниет Берікұлы | 10 сынып | |
| 14 | Нұржанов Айбар Нұржанұлы | Колледж | Белгісіз |
| 15 | Нұрланұлы Ақжол | Колледж | Белгісіз |
| 16 | Оңайбаев Рысбек Алмасұлы | 10 сынып | |
| 17 | Рақымжанқызы Азгурт | 10 сынып | |
| 18 | Сарбасов Ақберен Нұрболатұлы | 10 сынып | |
| 19 | Смағилаев Бекарыс Есенұлы | Колледж | Белгісіз |
| 20 | Төлегенов Жақсыбек Жеңісбекұлы | Колледж | Белгісіз |
| 21 | Ұзақбай Темірлан Беккалиұлы | Колледж | Белгісіз |

11-сынып оқушыларының кәсіби бағыттылығын диагностикалау нәтижелері бойынша сауалнама нәтижесі

«М. Бегенов атындағы жалпы білім мектеп» КММ -сі 11- сынып оқушыларынан кәсіби бағыттылығын диагностикалау нәтижесі бойынша сауалнама алынды. 11 «А» сыныпта

9 оқушы қатысты. Сауалнама нәтижесі бойынша 11«А» сынып оқушыларының басым көпшілігінің таңдау пәні физика – математика 5 окушы, 1 оқушы биология - химия, 3 оқушы биология – география пәндерін таңдап отыр.

| Р\с | Оқушылардың аты жөні | Таңдау пәні |
|---|---|---|
| 1 | Алпысбаева Гүлден Алпысбайқызы | Биология-география |
| 2 | Бауыржанова Ботагөз Бауыржанқызы | Биология-химия |
| 3 | Жоламанова Нұрай Қуатжанқызы | Физика-математика |
| 4 | Қайрақбаев Досхан Қайрақбайұлы | Физика-математика |
| 5 | Қыдырбаева Жансая Майрамбайқызы | Физика-математика |
| 6 | Муканбетов Аманжол Муратбекулы | Физика математика |
| 7 | Оңайбаева Сымбат Алмасқызы | Биология-география |
| 8 | Сериков Расул Серикулы | Биология-география |
| 9 | Тәжедин Аслан | Физика-математика |

11 «Ә» сыныбында 14 оқушы, осы сауалнаманы алғанда төмендегі нәтижені көрсетті. Бұл сыныптағы оқушылар таңдау пәні бойынша 5 оқушы химия -биология пәнін, 6 оқушы математика-физика, 1 оқушы география-биология, 1 оқушы тарих пәнін таңдап отыр, 1 оқушының таңдау пәні белгісіз.

| Р\с | Оқушылардың аты жөні | Таңдау пәні |
|---|---|---|
| 1 | Аманғалиев Дамир Алдабергенұлы | Математика-физика |
| 2 | Бокенбаева Венера Таңатарқызы | Математика-физика |
| 3 | Бокенбаева Динара Таңатарқызы | Биология-химия |
| 4 | Дүйсенқалиқызы Аяулым | Биология-химия |
| 5 | Жансейітқызы Ләззат | Биология-химия |
| 6 | Жұмабаев Нұржан Жұмабайұлы | Математика-физика |
| 7 | Кәдәрова Шұғыла Мұхтарқызы | Биология-химия |
| 8 | Көбегенов Нұрғиса Бейбітұлы | Тарих |
| 9 | Қыдырбаев Бекарыс Жұмабекұлы | Математика-физика |
| 10 | Медеубаев Ақниет Медеубайұлы | Физика |
| 11 | Мырзақұлов Елдос Мұратұлы | Математика-физика |
| 12 | Смагилаева Анар Есенқызы | Биология-география |
| 13 | Толеугалиева Назерке Нұрланқызы | Биология-химия |
| 14 | Шүйшбеков Рақымжан Болатбекұлы | Таңдау пәні белгісіз |

Кәсіби бағыттылықтты анықтау мақсатында оқушыларға тестілеу мен сауалнама жүргізілді. Болашақ мамандықтарға бағыт бағдар беру мақсатында 9, 10, 11-сыныптардан сауалнама алынып, нәтижелері шығарылды.

9, 10, 11 сыныптардан анкеталық сұрақтар алынды.

Сұрақтар:

1. Аты-жөні?
2. Қандай мамандықты таңдау керек?
3. Ол мамандық жөнінде не білесің?
4. Осы мамандықты таңдаған себебің? т.б сұрақтар арқылы жауап алынды.





KARABUK UNIVERSITESI Университет жайында карабюк университеті Түркияның Карабюк қаласындағы мемлекеттік университет. Ол 2007 жылы Түркиядағы сол кездегі 17 жаңа университеттің бірі ретінде құрылған.Негізгі кампус Карабюктің Баларкайас маңында орналасқан. 11-сынып оқушыларына университет туралы  презентация көрсетіліп толық ақпарат берілді.
















Ұлттық Біріңғай Тестілеуге 11-сыныптардың дайындығымен де бөлісіп отырдым.





«М. Бегенов атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ 8-сынып оқушылары желтоқсан айында кәсіпке алдын ала бағыт беру мақсатында EduNovigator.kz платформасы арқылы тест тапсырды. Сауалнаманы алудағы мақсат: балалардың түрлі мамандықтар туралы түсініктерін кеңейту; еңбекке, кәсіби өсуге оң көзқарас қалыптастыру; балаларды мамандықтар туралы ақпарат іздеуге, сауалнама жүргізу арқылы саналы кәсіби таңдауға ынталандыру. EduNovigator.kz платформасы түрлі ұйымдардан өз бағасын алған, өзіндік ерекшеліктері бар, нарықта баламасы жоқ платформа. Оқушылар платформада: кәсіптік бағдар бойынша тест орындайды. Өз психотипін , жеке қабілеттерін, талантын қызығушылығын, кәсіпқойлық бағытын анықтайды. Платформадан өзінің дағдысы, қабілетіне сәйкес мамандықтар тізімін ала алады. Оның ішінде 250 ден астам нарыққа сай 300 «Жаңа мамандықтар атласы» жобасының мамандықтары кіреді. Сонымен бірге мамандықтар туралы бірнеше ақпараттар ала алады. Орта жалақы, өңірлер бойынша сұраныс, ЖОО грантқа түсу үшін қажетті ҰБТ балы бойынша ақпарат және т.б. Бұл тестке 22 оқушы қатысты. Тест нәтижелері жүктеп алынып, оқушыларға таныстырылды.




Мамандық таңдау — адам өміріндегі ең маңызды қадамдардың бірі. Яғни адам өз бойындағы қабілетіне қарай, икемділігіне қарай, бір сөзбен айтқанда шама-шарқына қарай өзіне және қоғамға қызмет ету дегенмен бірдей. Сондықтан адам баласы өмірде мамандық таңдауда өз өміріне балта шаппастай етіп үлкен жауапкершілік арқалай отырып асқан ыждаһаттылықпен таңдау жасауы тиіс. Себебі, адам тағдырының бір бөлігі өзі таңдаған мамандығымен ұштасып жатады. Бірақ, біздің жастарымыз осы тұрғыдан келгенде аяғын шалыс басып, өз таңдауларын дұрыс жасай алмай, көп опық жеп отыратын кездері де кездеседі.

«М. Бегенов атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ – сіне 12.04.2023 күні 9-сынып оқушыларына «Қарақия кәсіптік колледжі» МКҚК оқу орнының өкілдері келіп колледждің стратегиясымен, оқу орнының ерекшеліктерімен, жаңадан қосылған мамандық туралы мәліметтер берілді. Жергілікті бюджет есебінен: аз қамтылған отбасы оқушыларына 1 мезгіл тегін ыстық тамақ, шәкіртақы, тегін жатаханамен қамтылғаны туралы ақпарат берілді. Қабылданатын құжаттар, толық мекен-жайы берілді.

Аталмыш мамандықтар бойынша оқушыларға презентациялар көрсетілді. Атап айтатын болсам: «Жаңа мамандықтар атласы», «Кәсіптік бағдар-болашаққа жол», «Мамандықтар мұхиты», «Трендте болатын 7 мамандық» т.б және сауалнама толтырылып, бейнероликтер көрсету арқылы оқушыларға түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Алдағы уақытта жаппай оқушыларға ҰБТ сәтті өтіп, өздерінің таңдаған маман иесі болуына жылы лебізімді білдіремін!